



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№26 (934) Сәрсенбі 2 шілде 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



Өңірлік инвестициялық штабтың отырысы өтті

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірлік инвестициялық штабтың отырысы өтті. Штаб құрамына облыс прокуратурасы, жергілікті және орталық атқарушы органның мекемелері, «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы, кәсіпкерлер палатасы, салық органдары енгізілді.

Атап өту қажет, өңірлік инвестициялық штабтың құрамына ҚР Президенті Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебайдың тапсырмасына сәйкес Президент Әкімшілігінің Өңірлік даму мониторингі бөлімінің инспекторы Нұрлан Тайғанов қосылды.

Күн тәртібінде «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағына инженерлік инфрақұрылым тарту, инвестициялық жобалар, шағын өнеркәсіптік аймақтарды дамыту мәселелері қаралды. Аймақ басшысы осыған орай саала басшыларына нақты тапсырмалар жүктетті.

«Инвесторларға қолайлы жағдай жасау үшін арнайы экономикалық аймақты сыртқы және ішкі инженерлік инфрақұрылым желілерімен қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік қолдау шараларын егжей-тегжейлі зерттеп, инфрақұрылым жеткізу мәселесін заң аясында зерделеңіздер. Қазіргі таңда елімізде шағын өнеркәсіптік аймақтарды салып, дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Көп жағдайда кәсіпкерлер өндіріс орнын ашу үшін стандартқа сәйкес келетін дайын ғимарат сұрайды. Облыстық экономика және қаржы,

кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармалары «Байқоңыр» корпорациясымен бірлесіп, шағын өнеркәсіптік аймақтарды салуға қажет қаражатты жергілікті бюджеттен тарту мәселесін қарастырыңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылымын дамыту туралы облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дәурен Әбілқайыров баяндама жасады. Сондай-ақ, «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауытының директоры Нарбаев Еркебұлан зауытқа апаратын жолдың және сол мандағы теміржол асты тесік көпір жолының мәселесін көтерді. «Орхун Медикал» медицина орталығының директоры Алматы Жұмабаев қала аумағынан

стандартқа сай бос ғимарат сұрады. «Рем Пласт» қағаз және картон зауытының директоры Расул Жүсіпбеков инженерлік инфрақұрылымға қатысты, «Вигор Холдинг» жобасының құрылтайшысы Мөлдір Жақанова 20 мегаватттық күн-электр станциясын салудағы проблемаларды айтты. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Ғизат Әбілтай шағын өнеркәсіптік аймақтарды дамыту жайындағы пікірін білдірді.

Айта кетейік, 2025 жылы өңірге 631,4 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Өткен 5 айдың қорытындысы бойынша 229,8 млрд теңге тартылып, өсім 27,1% болды. Оның 70%-ы – жеке инвестиция. Экономиканы әртараптандыруда 2025-2028 жылдары 89 инвестициялық жоба шеңберінде 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 27 жоба жүзеге асады. Ірі жобалар қатарында түрік инвесторы «Акса Energy» салған жаңа жылу-электр орталығы, заманауи кірпіш зауыты, жылына 1,1 млн тонна кырыштық тас шығару және айналма өндіру жобалары бар. Сонымен қатар, «Марал Нұр» жолаушы вагондарын жөндеу кешені, түрік инвесторының «Орхун Медикал» медицина орталығы, кондитерлік және макарон өнімдері өндірісі, түіе сүтінен құрғақ ұнтақ шығару зауыты, екі шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылады.



60 пәтерлік тұрғын үйдің кілті табысталды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасыларға сол жағалаудан салынған 60 пәтерлік тұрғын үйдің кілтін табыстады.

Салтанатты рәсімге Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбен, Мархабат Жайымбетов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, өңірдегі ауқымды жобаларға тоқталды.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты екенін атап өтті. Бұл мақсатта саулеті келіскен әсем де заманауи ғимараттар бөрі көтеріп, ел игілігіне айналуда. Бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 50 млрд. теңге бөлініп, 2 765 пәтер табысталады. Бүгін осы жұмыстардың нәтижесі мен қуанышты сәтін өздеріңізбен бірге жетудеміз. Бұл – мемлекеттің қолдауын сезініп, баспаналы болуға ниет еткен әрбір отбасы үшін ерекше күн! Баспаналы болу ата-ананы да, балаларды да жақсылыққа жетелейді. Жаңа қоныстарыңыз татулық пен берекенің ордасына айналсын!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сенат депутаты Наурызбай Сейтқалиұлы, Мәжіліс депутаты Мұрат Абдуламитұлы құттықтау сөз сөйледі. Айта кету керек, облыста Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығы салынууда. Президенттің Қазақ еліне жұмыс сапары аясындағы үкіметаралық келісімге сәйкес, қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Бұл мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Бүгінде Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлеріне ыстық су қосылууда. Алдағы жылу беру маусымында пәтерлер ыстық сумен қамтамасыз етіліп, жыл соңына дейін газдандыру деңгейі 83 пайызға жеткізіледі. 2023-2025 жылдары 1 232 шақырым автомобиль жолдары мен көшелерді, 18 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 121 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыз болды. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлігіңізді тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.



36 ОТБАСЫ ӨТІНІШ БІЛДІРДІ

Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының қалалық кезеңі бойынша комиссия отырысы өтті Байқауға қатысуға Қызылорда қаласы, оған қарасты кенттер мен ауылдық округтерден 36 отбасы өтініш білдірді. Комиссия отбасылық құндылықтарды берік ұстанған 25 отбасыны іріктеді. Оның ішінде 2 отбасының құжаттары облыстық кезеңге жолданды.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының мақсаты - адамгершілік, ізгілік, отбасылық құндылықтарын жаңғырту, неке мен отбасы институтының қоғамдағы беделін арттыру, сондай-ақ отбасы келбетінің оң үлгісін кеңінен насихаттау.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Облыстық кітапханада ақын Күдеріқожа Көшекұлының туғанына 205 жыл толуына орай «Күдері ақынның әдеби мұрасы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты - айтыс өнерінің ерекше үлгісі кайым айтыста ерекше көзге түскен, әйгілі аға сұлтан Құнанбай қажы Өскенбайұлының өзі жасаған билігіне тәнті болып бас иген ақын, би болған Күдеріқожа Көшекұлының мол мұрасын оқырман қауымға таныстыру, дәріптеу.

Шара Күдеріқожаның ұрпақтары Ә.Мұхамеджанов, А.Мұхамеджанов, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, жыршы Б.Саймағанбетов және кітапхана оқырмандарының қатысуымен өтті. Шара соңында «Ақынның мұралары» атты кітап көрмесі таныстырылды.



ОБЛЫС ӘКІМІ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен аймақ басшысы балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық инновациялық орталықтың жұмысымен танысты. Заманауи талаптарға сай бой көтерген бұл кешен бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Орталықта бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залдары, үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек және үстел теннисі залдары қарастырылған. Ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері бар. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт, балалар

шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді. Әрі қарай, «Қызылорда-нан» ЖШС-ның кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешендегі жұмыс барысын көрді. Бұл жобаға мемлекеттік қолдау ретінде 5 гектар жер беріліп, су және кәріз жүйелерін жеткізуге қаржы бөлінген.

Аймақ басшысы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жол құрылы-

сының барысын көрді. Ұзындығы 2,9 шақырымды құрайтын жол құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі күні 2,4 шақырым аумақта астыңғы қабатты тазалау және ашу жұмыстары аяқталып, 2 шақырым бөлікте тірек қабырғаларын құю жұмыстары жалғасуда. Жобаның мердігері – «Автомобиль жол баскармасы» ЖШС. Сол жағалаудағы жана стадион құрылысы да назардан тыс қалмады. Мұнда шығыс және батыс трибуналардың металл конструкциялары орнатылып, қабырғалар, ішкі бөлмелер мен сыртқы витраждар қаланған. Қазіргі таңда футбол алаңын жабдықтау, ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалы алғашқы жарты жылда аймақтық және аумақтық филиалдармен атқарылған жұмыстарды қорытындылады. Партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмхановтың төрағалығымен өткен жиынға партияның аумақтық филиалдарының атқарушы хатшылары, облыстық филиалдың жауапты бөлім басшылары, «Жастар Рухы» ЖҚ облыстық филиалының төрағасы қатысты.

«AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының қоғамдық тірегі ретінде оның барлық бастамалары мен саяси реформаларын толық қолдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы орайда 2023-2027 жылдарға жоспарланған «Халықпен бірге!» - деп аталатын Сайлауалды бағдарламасын өңірде нақты жүзеге асыруға бағытталған Жол картасында ағымдағы жылға 110 іс-шара жоспарланып, есепті мерзімде оның 15,5% орындалған, 81,8% іс -шара орындалу сатысында. Партияның облыстық филиалы жанында түрлі бағытта 8 кеңес пен 1 комиссия жұмыс жасаса, ағымдағы жылдың 6 айында олардың 85 отырысы өтіп, оларда 139 мәселе қаралған. Нәтижесінде 547 ұсыныс көтеріліп, тиісті органдарға жолданған. Жергілікті мәслихаттардағы депутаттық фракциялардың 30 отырысы



өтіп, фракция мүшелерімен 772 депутаттық сауал жолданған. Сайлаушылармен 354 кездесу ұйымдастырылса, әкімдер мен орынбасарлары фракцияларда есептерін беріп, қоғамдық қабылдаулар өткізген.

Партия филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне азаматтардан 4136 өтініш тіркеліп, оның 65,4% оң шешімін тапқан. 1372 мәселе бойынша нақты заңнамалық кеңес берілген. Сонымен қатар, 63 елді мекенде мобильді қабылдау ұйымдастырылып, оларда өтінішпен келген 629 тұрғынның 409 мәселесі шешімін тапты. 208 азаматтың мәселесіне қатысты түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Жиын барысында атқарылған жұмыстарға тоқталып өткен партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмханов жұмысты әлде де жетілдіруді қажет ететін бағыттар бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

«Өздеріңізге белгілі

біз ең алдымен халыққа берген сайлауалды уәдемізді орындауымыз керек. Жол картаға түскен әрбір іс-шараның уақытылы, сапалы жүзеге асуы қатаң бақылауға алыңыздар. Екіншіден, партияға сенім артып өтінішпен келген азаматтардың мәселесін мүмкіндігінше шешуге жұмыс жасау қажет. Әрине, көп мәселелер қаржыға және уақытты талап етеді. Келген азаматқа мұны түсіндіріп, заңнамалық тұрғыда кеңес беру керек. Әрбір нысаналы топқа бағытталған партиялық жобаларымыздың өз мақсатына сай жүзеге асуын қамтамасыз етіңіздер. Жасалған жұмыстар халыққа кеңінен насихатталуы керек», - деді Алмасбек Есмханов.

Атап өтейік есепті кезеңде партия филиалдарымен бұқаралық ақпарат құралдарында 1138 материал жарық көрсе, партия филиалдарының әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында 7 мыңға жуық жазбалар жарияланған.



СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ҮНЕМДЕУ ШАРАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде сумен жабдықтау және су буру жүйелерін дамыту, суды үнемдейтін цифрлық технологияларды енгізу шаралары қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады.

«2024 жылдың қорытындысы бойынша облыс халқын орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 98,6 пайыз болды. Өңірде орталықтандырылған ауыз су жүйесіне 9 ауылдық елді мекен қосылмаған. Оның 5-еуін топтық су құбырына қосу және 4-не ішкі су жүйелерін салу жоспарланған. Өзіңіздің тікелей қолдауыңызбен қажетті қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы жылы Президентіміздің халықты 100 пайыз сапалы ауыз сумен қамту тапсырмасы толық орындалады», - деді Нұрлыбек Машбекулы.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында 2025 жылдың соңына дейін ел тұрғындарын 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырды. Осыған сәйкес, біздің басты міндетіміз – жыл соңына дейін өңір тұрғындарына сапалы ауыз суды толықтай жеткізу. Тапсырманың мерзімінде

орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Жаз мезгілінде ауыз су қысымына тұрғындар жиі шағымданатыны белгілі. Осыған байланысты 1 аяда ішінде тұрғындарға ауыз суды жеткізілуі мен көрсетілетін қызметтің сапасын тексеріп, тиісті рейдтік іс-шаралар ұйымдастырыңыздар. Бұл ретте ешқандай олқылық болмауы тиіс. Судың қысымын тұрақты бақылауда ұстап, үздіксіз берілуін қамтамасыз етіңіздер.

Қала, аудан әкімдеріне, облыстық басқарма, аумақтық департаменттер мен инспекция басшыларына қатаң ескерту жасаймын, өз аумақтарыңыздың тазалығын сақтау, қоғалдандыру, көркейту және абаттандыру тиісті жұмыстар атқарылуға қатыстыларға қаласында куаттылығы тәулігіне 70 мың текше метр биологиялық тазарту станциясын жаңғырту қолға алынған.

«БӘЙТЕРЕК» ҒАРЫШ-ЗЫМЫРАН КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетовпен кездесті.

Кездесуде еліміздің ғарыштық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды жобалардың бірі – «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенінің құрылысы талқыланды. Аймақ басшысы бұл жоба өңір экономикасына тың серпін беретінін және жаңа жұмыс орындарының құрылуына жол ашатынын атап өтті.

«Қазақстан мен Ресейдің бірлескен бұл бастамасы - қос мемлекеттің ғылыми-техникалық ынтымақтастығының жарқын үлгісі. Жоба «Байқоңыр» кешенінің, оның ішінде қаланың

өркендеуі үшін аса қажет. Себебі, жобаны іске асыруда жаңа жұмыс орындары ашылып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін берілетіні сөзсіз. Сонымен қатар, ғарыш-зымыран кешенінде экологиялық таза тасымалдағыштарды пайдалану – жалпы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. «Байқоңыр» кешені туризм, оның ішінде халықаралық туризмді дамыту тұрғысынан да ерекше тартымдылыққа ие. Осы орайда, Аэроғарыш комитеті туризмді дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізгенін ерекше атап өткім келеді.

Кешеннің туристік әлеуеті жоғары нысандарына баруды ресімдеуге арналған онлайн-платформа әзірленуде, туристік мақсатта пайдалануға болатын



бірнеше ірі нысандар – «Гагарин старты» алаңы, «Гагарин беседкасы», «Энергия-Буран» монтаждау-жанармай құю кешені, динамикалық сынақтар стенді жалдан шығарылып, жаңа туристік маршруттар әзірленді. Бұл бастамалар өңіріміздің туристік

әлеуетін арттыруға қосылған елеулі үлес деп есептейміз», - деді Нұрлыбек Машбекулы.

Кездесуде Баубек Оралмағамбетов екіжақты әріптестіктің алдағы уақытта да нығай түсетініне сенім білдіріп, жоспарларды бөлісті.



КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қармақшы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің міндетін атқарушы Шығыс Әбділәмітұлының төрағалығымен «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру бойынша жұмысшы топтың кәсіпкерлермен кездесуі өтті.

Кездесудің негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдау, бағдарламаның іске асырылу барысы мен мемлекеттік қолдаулар жөнінде түсіндіру. Жиын барысында сала мамандары мен жұмысшы топ мүшелері – Индира Сансызбайқызы, Бахыткүл Әділбекқызы, Күндібай Мырзабайұлы және басқа да қатысушылар түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, кәсіпкерлердің сауалдарына жауап беріп, кеңестерін ұсынды. Жиын соңында сұрақ-жауап, пікір алмасу ұйымдастырылып, кәсіпкерлер бағдарламаның тиімді тетіктері мен шарттары туралы нақты ақпарат алды.

Айта кетейік, Қармақшы ауданы бойынша «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023 жылдан бері жалпы сомасы 486,7 млн теңгені құрайтын 77 жобаға жеңілдетілген несие берілген.

АРАЛДА РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Арал қаласындағы «Руханият орталығының» ашылу рәсімі өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімібетов және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мәдениет саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр», - деген болатын. Өткен 2024 жыл өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен бірге көптеген ауқымды жобаларды жүзеге асырдық.

Облыс орталығында «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер» орталығы» салынып, ел игілігіне берілді. Осындай байыпты бастамалардың жалғасы ретінде биыл балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды.

Бүгін өздеріңізбен бірге Арал ауданындағы «Руханият орталығын» ел игілігіне табыстаймыз. Орталықта ақ

жаулықты аналарымыз, ардақты ардагерлеріміз бен жігерлі жастарымыз бір жерде бас қосып, ұрпақтар сабақтастығын жалғайды. Баршаңызды «Руханият орталығының» салтанатты ашылуымен тағы да құттықтаймын!», - деді Н.Нәлібаев.

Жиында Берік Әбдіғалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Жанакорған аудандарының құрметті азаматы Нағмадин Мұсабаев батасын берді. Аудан нысан өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер мен құрылысты салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кету керек, биыл Ас-самблеяның 30 жылдығы аясында Қызылордада «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының қолдауымен жаңа «Достық үйі» салынуда. Нысан қараша айында пайдалануға беріледі. Мәдениет пен руханият өкілдеріне қолдау көрсету басты назарда. Жыл сайын «Туран» және «Жебе» сыйынқтарын табыстау дәстүрге айналды. Былтыр алғаш рет мәдениет қызметкерлеріне арналған көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер берілді.

Сондай-ақ, симфониялық оркестр, инклюзивті және жастар театрлары, заманауи би, хор ұжымдары құрылып, «Жыраулар үйі» ашылды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет пен қоғам үшін ең үлкен қауіптердің бірі. Ол әділдік пен теңдік қағидаларын бұзып, елдің экономикалық дамуын тежейді, азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіреді. Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әрбір ел үшін өзекті мәселе.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар заңдар қабылданып, арнайы мекемелер жұмыс істеп

келеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң негізінде мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі артып, қоғамда ашықтық пен есептілік қағидалары кеңінен енгізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте тек заңмен шектеліп қалмау керек. Ең маңыздысы – азаматтардың құқықтық санасын арттырып, адалдық пен әділдікке тәрбиелеу. Бұл әсіресе жастар арасында үлкен рөл атқарады. Әр

адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтаса – қоғамда жемқорлыққа орын қалмайды. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттің ғана емес, барша халықтың ортақ ісі болуы қажет. Адалдық, ашықтық, әділдік – еліміздің жарқын болашағының негізі.

Б.РАКИМБЕКОВ,
Қоғалықол ауылдық округінің әкімі

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы №2216 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 01-03/718 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы Бимагамбетова Жұлдызай Булатовнаның Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 25,0 (жиырма бес) шаршы метр жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті көркейту-көгалдандыру үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 2 қазан болып белгіленсін.
- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 2216 от 30 июня 2025 года

О начале принудительного отчужденияземельныхучастков илииноного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/718 от 30 июня 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельныхучастков или иного недвижимого имуществав связи с изъятием для государственных нужд у собственника или негосударственного землепользователя Бимагамбетовой Жұлдызай Булатовныв связи озеленением - благоустройством, расположенные на территории города Кызылорда, общей площадью 25,0 (двадцать пять) квадратных метров, согласно приложению к настоящему постановлению.
- Датой принудительного отчуждения определить 2 октября 2025 года.
- Местом обращения собственника илинегосударственногоземлепользователя, определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, №43, кабинет №13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений»акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «30 »маусымдағы № 2216 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы максаты	Мекенжайы	құқық түрі
1	10-156-001-6005	5,0	электронды билбордтар орналастыру үшін	Н. Назарбаев даңғылы, S mall супермаркет жаны	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
2	10-156-001-6003	5,0	электронды билбордтар орналастыру үшін	Н:Назарбаев даңғылы, № 101 мектеп жаны	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
3	10-156-001-6004	5,0	электронды билбордтар орналастыру үшін	Н:Назарбаев даңғылы, № 3 смхана алды	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
4	10-156-003-1935	5,0	электронды билбордтар орналастыру үшін	Абай даңғылы мен Н. Ергешбаев көшесінің қиылысы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
5	10-156-002-3547	5,0	электронды билбордтар орналастыру үшін	Абай даңғылы мен Ә. Бөкейхан көшесінің қиылысы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау)
	Барлығы	25,0			

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы М. Әжібеков

Приложение к постановлению акимата города Кызылорда от «30» июня 2025 года №2216

№	Кадастровый номер земельного участка	Площадь, квадрат ный метр	Целевое назначение	Местоположение	Вид права
1	10-156-001-6005	5,0	для размещения электронных билбордов	проспект Н. Назарбаева, рядом супермаркета S mall	временное возмездное землепользование (аренда)
2	10-156-001-6003	5,0	для размещения электронных билбордов	проспект Н. Назарбаева рядом школы № 101	временное возмездное землепользование (аренда)
3	10-156-001-6004	5,0	для размещения электронных билбордов	проспект Н:Назарбаева, перед поликлиникой № 3	временное возмездное землепользование (аренда)
4	10-156-003-1935	5,0	для размещения электронных билбордов	пересечение проспекта Абая и улицы Н. Ергешбаева	временное возмездное землепользование (аренда)
5	10-156-002-3547	5,0	для размещения электронных билбордов	пересечение проспекта Абая и улицы А. Бөкейхан	временное возмездное землепользование (аренда)
	Всего	25,0			

Руководитель Кызылординского городского отдела сельского хозяйства и земельных отношений М. Ажибеков

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 маусымдағы№ 2215 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 19 маусымдағы№ 01-03/663 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі Садуакасова Гульназ Жаксылыковнаның жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Қожа Ахмет Яссауи көшесі, № 4 үй мекенжайында орналасқан жалпы көлемі 1280,0(бір мың екі жүз сексен) шаршы метр жанар – жағар май құю стансасы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-006-051) жер учаскесінен қажетті көлемі 295,0 (екі жүз тоқсан бес) шаршы метр бөлігін жол құрылысын жүргізуге мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 2 қазан болып белгіленсін.
- Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 2214 от 30 июня 2025 года

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 маусымдағы № 04-03/1121 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иесі Жеткергенова Карылга Жеткергеновнаның жеке меншік құқығындағы Жеткергенова қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, №27 А ғимарат мекенжайында орналасқан көлемі 1000,0 (бір мың) шаршы метр ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-086-143) жер учаскесін стадион құрылысы үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 2 қазан болып белгіленсін.
- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданыс.
- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов

Аким города Кызылорда Н. Ахатов

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойқылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет денгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз қызреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хак. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, бұл – бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Осы орайда, әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығы мен белсенді азаматтық ұстанымы шешуші рөл атқарады. Тек бірлескен іс-қимыл арқылы ғана біз әділ, ашық және жауапты қоғам құра аламыз.

М.ЖУМАБАЕВА,
Майлытоғай ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы



ТАРИХТЫҢ ТАҢБАСЫ, РУХТЫҢ ОРДАСЫ – ҚЫЗЫЛОРДАМ

Қызылорда қаласының астана атанғанына биыл 100 жыл толып отыр. Осы тарихи мерекеге орай «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауы аясында жырдың киесі қонған Қармақшы ауданының өнерпаздары қала жұртшылығына ерекше мерекелік тарту жасалды.

Қаланың орталық алаңында өткен ауқымды мәдени шарада жыраулық өнердің алтын бесігі саналатын Қармақшы топырағының төл өнері мен тарихи-мәдени мұрасы кеңінен насихатталды. Аудан көлөнершілері ұлттық нақыштағы бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, дәстүр мен заманауи стильдің үйлесімін таба білген көлөнер туындылары көрмеге қойылды.

Шара шымылдығы Қармақшының жыраулық тарихынан сыр шертетін театрландырылған көрініспен ашылды. Қобыздың күңіренген үні мен жыршының шынайы сөзі көрерменді терең әсерге бөлеп, сахна рухани кеңістікке айналды. Мерекелік кешке «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, Қазақстанның өнер қайраткері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы, ақын Серік Ыдырысов, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары

Самат Смағұлов арнайы қатысып, Сыр елінің айтулы мерекесімен құттықтап, аудан өнерпаздарына өз алғыстарын білдірді.

Сахна төрінде «Қорқыт» домбырашылар ансамблі, «Ақ Әжелер», «Айқаракөз» топтары, сондай-ақ ауданның жас әншілері мен бишілері өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Терме мен толғау, ән мен күй арқылы ата-баба аманаты ұлықталып, Сыр еліне тән рух пен сырлы сарын көрініс тапты. Кеш мазмұны тек сахналық қойылым мен дәстүрлі өнерімен ғана шектелмей, көңілді кештің шырайын ашқан Қармақшының жайдарманшылары да сахнаға көтеріліп, ұлттық болмысқа негізделген тапқыр әзілдерімен көрермен көңілін серпітті. Жастардың шынайы тапқырлығы мен сахна мәдениеті көпшілік тарапынан ерекше қошеметке ие болды.

Қармақшы ауданының өнер ұжымы Қызылорда қаласының ғасырлық торқалы топына орай рухани тереңдікке, тарихи тағылым мен шынайы қуанышқа толы мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынды. Жыр мен күлкі, күй мен көркем бейне тоғысқан бұл кеш қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше рухани серпін сыйлады.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІ ҚАНША УАҚЫТТАН КЕЙІН БЕРІЛЕДІ?

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған мәртебесін қалай қалпына келтіруге болады, медициналық сақтандыру бойынша психологтың кеңесін алуға болады ма? Осы және өзге де сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

-Менің ЖШС бар, қазір одан табыс көзі жоқ. Бірақ менде төленбеген айлар қалды. Осы кезең үшін төлемді дербес төлеуші ретінде төлей аламын ба?

-Егер азамат ЖШС құрылтайшысы болып табылса, онда ол дербес төлеуші ретінде ЕТЖ-дан 5% мөлшерінде жарналарды төлейді (2024-2025 ж.ж. әр ай үшін 4250 теңгеден). Егер ол осы ЖШС қызметкері болса (мысалы, директор), онда ол ретінде 2% жарна және 3% аударымдар жасауы қажет.

-Мен жұмыс істеймін, бірақ емханаларға барған кезде МӘМС-те мәртебем жоқ екенін білдім, дегенмен ұйым барлық төлемдерді уақытында жасайды. Мен екі ай ауруханада болған кезде жарналар бойынша алшақтық пайда болды. Мұндай жағдайда қалай әрекет ету керек?

-Егер қызметкер бір айдан астам уақыт еңбекке жарамсыз болған кезде, жұмыс беруші әдетте жұмыс күндері болған айда төлемдер жасайды. Еңбекке уақытша жарамсыздықтың келесі кезеңінде қызметкер табыс алмайды, сондықтан салық салынатын базаның болмауына байланысты міндетті төлемдер жүргізілмейді. Осы кезеңде берешек

туындауына жол бермеу үшін қызметкер МӘМС жарналарын дербес төлеуші ретінде төлеуі қажет.

-МӘМС аясында психолог көмегін алуға бола ма?

-Психологиялық немесе психотерапиялық кеңес — мамандандырылған медициналық көмектің бір түрі. Бұл көмек нақты диагностика мен емдеуді, медициналық оңалтуды қажет ететін ауруларда, сондай-ақ телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетіледі.

Пациент психолог қызметін өз емханасы деңгейінде келесі бағыттар бойынша ала алады:

- психологтың қабылдауы;
- балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша сабақтар өткізу;
- мінез-құлықтық және психобелсенді бұзылыстарға күдік туған жағдайларда қабылдау;
- әлеуметтік бейімделу, жас ерекшелігіне сай қиындықтар бойынша кеңес беру;
- созылмалы аурулары бар пациенттерге өзін-өзі басқару тәсілдерін үйрету;
- жүкті әйелдерге, жасөспірімдерге және жастарға Жастар денсаулық орталықтарында қызмет көрсету.

Психологтың консультациясы ТМҚК, МӘМС жүйесі аясында да қолжетімді.

-МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесі қанша уақыттан кейін беріледі?

- Егер барлық шарттар орындалса:
 - Алдағы 12 ай үшін төлем жасалса (ағымдағы айдан бастап)
 - Барлық 12 айдың төлемі бір күнде төленді
- «Сақтандырылған» мәртебесі 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қармақшы ауданы «Достық жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшыларын 9 тамыз 2025 жылы сағат 09-00 минутта ІІІ-Интернационал ауылы орталық мәдениет үйінде өтетін «Достық жер МК» ЖШС-нің атқарушы органы бастамасымен өткізілетін кезектен тыс жалпы жиналысына шақырамыз.

Күн тәртібінде:

- 1.Құрылтайшылардың (қатысушылар) өтініштеріне байланысты жер учаскелерін бөліп беру.
- 2.«Достық жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен бөлінетін жер учаскелерін анықтап, белгілеу.



ҚОРҚЫТ АТА – ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ОРТАҚ МАҚТАНЫШЫ

Қорқыт ата – Сыр бойында өмір сүрген ежелгі Оғыз тайпаларының ұзаны (жырау) және «Кітаби дәдем Қорқыт» эпосысын тудырған үлкен эпос орындаушысы. Ол – оғыз-қыпшақ ортасындағы саяси әлеуметтік мәселелерге жол нұсқаған бас тұлға, ел ішіндегі жол – жоралғыны, салт-дәстүрді реттеуші батагөй дана,халықтың сыртқы жаудан, ішкі даудан аман болуын қадағалаушы ақылгөй,

дүйім жұрттың көші-қонын, мекен-тұрағын, ен-таңбасын, ұран-ұжымын белгілеп отыратын білгір болған.

Қорқыттың туып-өскен жері – Сыр суының аяғындағы Жанкент қаласы. Ал, мәңгілік жай тапқан топырақ – Қармақшы ауданы, Қорқыт стансасы. Қорқыт-баба үш ханның уәзірі болған өз заманының ойшылы.

Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелер қазақ халқы арасында ерте кезден-ақ кеңінен тараған. Солардың бірі – оның дүниеге келуі туралы. Аңыз бойынша, Қорқыттың анасы құланның жаясына жерік болып, құрсағында үш жыл көтеріп, жылына бір рет толғақ қысып отырған екен. Қорқыт дүниеге келер алдында күллі әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түрткісіз қараңғылық басыпты. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қатты қорқыныш билепті. Сыр бойы мен Қаратау өңірінің аспаны қараңғы тартып, қарауыттып кетіпті. Сондықтан бұл манай «Қара аспан» аталыпты. Қорқыт дүниеге келген соң жел тынып, бұлт ыдырап, күн шығып, тіршілік мамыражай күйеге түседі. Сонда қариялар: «Бұл өзі қорқытып келді, аты да Қорқыт болсын» деп, нәрестеге ат қойған екен. Қорқыт анасынан туылған бойда-ақ тілі шығып, сөйлеп кетіпті-міс. Осы оқиғаға байланысты, яғни Қорқыттың өмірге қалай келгені туралы ерте замандағы қобызшылар мен жыраулар, бақсы-балгерлер айтатын өлең-жырлар сақталған.

Қорқыт туралы аңыздың бірі – оның ажалдан қашуы. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген ел ауызына кең тараған афоризмді екі түрлі түсіну керек. Біріншіден оғыз-қыпшақ ұлысында үлкен әлеуметтік өзгерістер, яғни феодализм мен аталық қоғам арасындағы қайшылық, ауыспалы заманның таңбасы. Екіншіден, «адам өлген соң қайта өмір сүреді» деген ертедегі сақ тайпаларынан қалған сенім сақталған. Қорқыт туралы аңыздар, берісі оғыз-қыпшақ дәуірінің, әрісі жалпыадамзаттық, яғни дүниенің жаратылуы актісі туралы түсініктердің жемісі. Қазақ аңыздарында Қорқыт тек бақсы ғана емес, астындағы желмаясын сойып, терісін қобызына шанақ еткен Күй атасы. Ә.Марғұлан Қорқыт өмірінің соңғы кезеңі туралы былай дейді :

«Қорқыт Сырдарияның үзілмей ағатын суына қарап, өлім мені қанша кұса да, оны бұл жерге келтірмесің деп, қобызын толтықта күңгірентіп тарта беріпті. Қорқыттың күйін дүниедегі жан иесі түгел ұйып тындапты. Аспандағы құс ұшуын, самал жел есуін қояды екен. Ажалдың өзі де Қорқыттың күйіне балқып, бұған жақын келе алмапты. Көп ұзамай ұйқы көрмей, қатты ұйқыға батқан кезде, оны өлім іздеп тауып, кілемде ұйықтап жатқан Қорқытты қайрақ жылан келіп шағып өлтіріпті. Қорқыт өлгенімен, оның ұзақ заман тартқан күйлері тоқталмапты».

Қорқыттың ізі қалған Қаратау қойнаулары мен Сыр бойындағы ескі қалалар, елді мекендер, күмбездер, кешендер қахындағы аңыздар қазақ халқының арасында күні бүгінге дейін сақталған. Әлем халықтарына ортақ типологиялық сондай аңыздардың бірінде оның дәулетті адам болғандығы туралы айтылады. Бірақ, «молшылықтан Құдайымды ұмытып кетпейін» деп, дәруіштікпен жиі-жиі ел аралап жүреді екен. Сол сапарларының бірінде Сырдарияның жағасында Қорқыт дәрет алып, намаз оқыған жерде оның құлағына әзірейіл сыбырлап: «Қорқыт, сенін уақытың бітті, иманыңды үйір,жаныңды аламын», - депті-міс. Сонда Қорқыт өмірін ұзартуды өтініп сұраған екен. Құдай Қорқыттың тілегін қабылдап: «Онда хабар өзіңнен» болсын. Мені ал деген сөзді өзін айтқан кезде, әзірейіл жетіп келеді», - депті . Күндердің бір күнінде Қорқыт ел аралап жүріп келе жатса, бас жібін сүйретіп жүрген бір тананы көреді. «Егесі іздеп, әуре болып жүрген болар. Ит- құсқа жем болмай тұрғанда ұстап алып, жақын маңдағы үйлердің біріне байлап кетейін», - деп баспаққа жақындағанда ол қаша жөнеледі. Оны қуа-қуа шаршаған Қорқыт: «Сені ұстамасам, мені Құдай алсын» деген сөздің аузынан қалай шыққанын аңғармай қалыпты. Осы сөзіне қатты өкінген Қорқыт қалған өмірінің ақырына дейін өлімнен құтылуудың амалын іздейді. Жер кіндігін тапқан абыз енді мәңгі өлместін амалын іздеп «Ажал осы жерге жолай алмас-ау» деген пікірмен Сырдария өзенінің ортасына кілем жайып, көкірегіндегі шерін қобызға қосады. Қобыз әуенінің сарынымен су бетіндегі кілем тербетіліп батпайды екен.

Қорқытқа қатысты зерттеулер хатқа түскен алғашқы айғақ «Кітаби Дәде Қорқыт» 15- ғасырда жазылған. Кітаптың 12 тараудан тұратын Ватикан

нұсқалары белгілі. Бұл еңбектер оғыз этносы арасында айтылып жүргенімен, мерзімінде хатқа түспеген, ауызша таралу арқылы сақталған.

Сырдың бойы сыр тұнған тарихи орындар мен ескерткіштерге бай. Солардың ішінде түркілердің бәріне ортақ тарихи тұлға, кеменгер ойшыл, ғажайып музыкант Қорқыт бабаның құрметіне қойылған ескерткіштің бітімі бөлек, тағылымы зор дер едік. Әйгілі орыс ғалымы В.Жирмунскийдің «Сырдария бойында Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі бар» деген пікірінде үлкен шындық бар. Өйткені, бұл Қорқыт атаның кіндік қаны тамған жер, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкентте дүниеге келген данагөй бабаның өмірге шыр етіп келген, ғұмыр кешіп, көз жұмған жері. Бабаның аңызы мен рухани-музыкалық мол мұрасы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жер де – осы Сыр өңірі.

Ерекше сәулетімен алыстан менмұңдалап тұратын баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті. Қобыздың үні сарыаған Қорқыт ата кесенесі адамзатқа күйбен тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадрлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті.

Әлемге аты мәшһүр Қорқыт ата мемориалды кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінің солтүстік-батысындағы 18 шақырым жердегі Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Коммунистік партияның асқақтап тұрған шағында сол кезеңдегі аудан басшысы Елеу Көшербаев осы кешенді тұрғызуға ерекше ықпал жасаған еді. Соның нәтижесінде кешен құрылысы 1980 жылы архитектор Б.Ә.Ибраев пен физик-акустик С.И.Исатаевтың жобасымен басталған.

Тәуелсіздік алған алғашқы уақыттан бастап Елбасы тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көптеген ауқымды жұмыстар қолға алынды. Елімізде қаншама өнер жәдігерлері қалпына келтіріліп, түгелденді. Сыр бойындағы ескі шаһарларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері есепке алынып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Сондай қолға алынған кешенді шаралардың бірі – Қорқыт ата кешенін қайта жаңғырту жобасы болды. Ескерткіш жаңғыртудан өткелі мұнда тәу етіп келушілер қатары еселеп артты. Қайта жаңғыртудан соң ескерткіштің биіктігі 12 метрге, ал ескерткіш тұрған жердің өзі (тұғыры) 2,5 метрге биіктейді. Бұған қоса, амфитеатрды жағалай бауырлас түркі елдерінің үкіз немесе ұлттық символдары орналастырылды. Оған екі жылда бір мәрте өткізілетін «Қорқыт және ұлы дала сазы» өнер фестивалі кезінде тұтқыр орнатылды. Бұрынғы ескі темір бетон материалдарды мрамор мен ұлуғас тастары ауыстырды. Ал, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан арғы бетіндегі «Қорқыт ата зиярат әуі орталығынан» осы ескерткіш кешенге дейінгі, онан «Ақсақ қыз» кесенесіне дейінгі аралыққа жүргініштер жолы салынып, жарықтандырылып, аумақ түгел абаттандырылды.

Кешен аумағында орнатылған қобыз ескерткіші төрт элементтен тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қарапты тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейі келіп, шөміш пішіндегі түйісетін стелалар қобыз бейнесін көрсетеді. Оның түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылған тәрзіді Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған.

Елбасы қоғам тарапынан зор серпіліс тудырған «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ортақ фольклорлық мұраларды зерттеуді айрықша тапсырған болатын. Аталған мақала кеңінен талқыланып жатқанда ақсолтай жаңалық жетті. Алтайдан тараған түгел түркінің киесі, қобыздың иесі, ортақ миф пен фольклордың атасы саналатын Қорқыт ата мұрасы адамзат тарихында айрықша із қалдырған құбылыс ретінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді. Нақтырақ айтқанда, «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» деген атаумен енгізілген құжат Маврикий Республикасының астанасы Порт-Луиде өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитетінің 13-үкіметаралық отырысында мақұлданып, тіпсі шешім қабылданды.

Бүкіл түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт атаның мемориалды кешені тек қазақстандықтардың ғана емес, шетел азаматтарының да қызығушылығын тудызған қасиетті орын.

М. ҚОНЫСБЕКҰЛЫ
Қорқыт ата мемориалды музейінің экскурсоводы

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға
«Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №142

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/